

Ақтау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Ақтау қаласының азаматтарының жекелеген санаттарына жолақысын төлеу жөніндегі женілдік белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 748 қаулысы және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 30 наурызда № 30/349 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 4186 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақтау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Ақтау қаласында қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақысын төлеу жөніндегі женілдік, женілдікке құқығын растайтын құжаты болған кезде (айна алпыс реттен аспайтын), келесідей Ақтау қаласының азаматтарының жекелеген санаттарына белгіленсін:

төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар аналарға;
Ақтау қаласының құрметті азаматтарына;
бірінші және екінші топтағы мүгедектерге;
бала кезінен мүгедектерге;

Чернобыльдағы АЭС апатының зардаптарын жоюға қатысушылары мен мүгедектеріне.

2. Қаржыландыру көзі қалалық бюджет болып анықталсын.

3. "Ақтау қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж. Құбашев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte осы бірлескен Ақтау қаласы әкімдігінің қаулысы мен Ақтау қалалық мәслихатының шешімінен туындастырылғанда қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Ақтау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшы А. Хадиев) осы бірлескен Ақтау қаласы әкімдігінің қаулысы мен Ақтау қалалық мәслихатының шешімінің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және интернет-ресурста орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен Ақтау қаласы әкімдігінің қаулысы мен Ақтау қалалық мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау Ақтау қаласының әкімінің орынбасары С. Гусманға жүктелсін.

6. Осы бірлескен Ақтау қаласы әкімдігінің қаулысы мен Ақтау қалалық мәслихатының шешімі әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

Ескерту:

аббревиатураның ажыратылып жазылуы:

"Чернобыльдағы АЭС" - "Чернобыльдағы атом электр станциясы".

Ақтау қаласының әкімі

Г.Ниязов

Сессия төрағасы

М.Саугабаев

Ақтау қалалық мәслихатының хатшысы

С.Закенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК